

Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық қорғаныс үйымының Жарғысына қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 31 қазандағы N 182

Қазақстан Республикасы 1966 жылғы 17 қазанда қабылданған Халықаралық азаматтық қорғаныс үйымының Жарғысына қосылсын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Халықаралық азаматтық қорғаныс үйымының

(ХАҚҰ)

Жарғысы

(1997 жылы күшіне енді - КР СІМ-нің ресми сайты)

Кіріспе

Үйымды әзірлеу және жетілдіру, бейбітшілік уақытта немесе жанжал жағдайында қару-жарақ пайдалануымен туылған апattар зардалтарының алдын алу және қысқарту тәсілдері мен әдістерін дүниежүзілік ауқымда интенсивтендіру және үйлестіру мақсатында келісіп отырған мемлекеттер келесі Жарғыны қабылдайды:

I бөлім - Үйым мекемесі

1-бап

Халықаралық азаматтық қорғаныс үйымы (мұнан былай "Үйым" деп аталатын) Жарғыға сәйкес құрылады.

II бөлім - Қызметтері

2-бап

Үйымның қызметтері болып табылады:

- a) тұрғындар мен мұліктерді құтқару міндеттері жүктелген үйымдар арасында тығыз ынтымақтастық орнату және ұстau;
- b) Азаматтық қорғаныс үйимдары жоқ елдерде осында үйимдарды құруға және ұлғайтуға көмектесу және де елдердің өтініші бойынша тұрғындар мен мұліктерді қорғау жөніндегі үйимдарды құруға және ұлғайтуға көмек беру;
- c) мамандандырылған мекемелермен, мемлекеттік қызметтермен, кәсіптік

топтармен және осыған қолайлы деп саналған басқа да ұйымдармен нәтижелі ынтымақтастықты белгілеу және қолдау;

d) тұрғындар мен мүлікті қорғау және құтқару саласындағы әр елдер арасында ақпаратпен, тәжірибемен, қызметкерлер және экспертермен алмасуды қолдау және қамтамасыз ету;

f) мүшелі-мемлекеттердің өтініші бойынша, ұйымдар жоспарларын берумен қоса, қажеттілігіне байланысты нұсқаушылармен, экспертермен, жабдықтар және заттармен қажетті техникалық көмек көрсету;

g) құжаттар орталықтарын, жабдықтарды дайындауды, ғылыми-зерттеу және басқа да орталықтарды қосқанда, қажет болып қалатын техникалық қызметтерін құру және қолдау;

h) селдерден, жер сілкіністерінен, қар көшкіндерінен, ірі өрттерден, дауылдардан, бөгеттердің бұзылған және басқа да күйзелістер және де сумен ауаның ластануы немесе әскери әрекеттерді жүргізуді қазіргі заман тәсілдерін пайдалану жөнінде тұрғындарға қауіп-қатер төнген жағдайда Ұйымның қорғаныс және іс-әрекеттер принциптері саласында мәселелері бойынша хабарларды жинау және беру;

i) тұрғындар мен мүліктерді қорғау және құтқару мәселелері жөнінде есеп беру, зерттеулерді, ғылыми жұмыстар мен арнайы құжаттарды жинау және беру;

j) "ж" пунктінде ескерілген қауіп-қатер жағдайында операцияларын іске асыру кезінде пайдаланатын қазіргі кездегі жабдықтар мен заттар жөнінде ақпараттарды жинау және беру;

k) апат жағдайында алдын алудың, қорғаудың және белсенді кірісудің өмірлік қажетті екендігі туралы тұрғындар арасында қоғамдық салалы пікір қалыптасуында мүшелі-мемлекеттерге көмектесу;

l) апаттар әкелген залал шараларға байланысты жиналған білім және тәжірибемен алмасуға қатысу және зерттеу;

m) ірі апат жағдайында көмек көрсететін ұйымдар мен топтар, әр түрлі құтқару ұйымдары мен топтарының күштерін интенсивтендіру;

n) мүшелі-мемлекеттерді тарту және ірі апаттар жағдайында көмеккөрсету операцияларына қатысу үшін үйтқы болу;

o) құтқару мен қорғау жөнінде ұйымдар үшін персоналдарды оқыту, дайындау және жабдықтау мәселелері жөніндегі біліктерді оқу жәнетарату;

p) ғылыми зерттеулерге тұрғындар мен мүліктерді қорғау жәnekұтқару мәселелері жөніндегі ақпарат, зерттеу жарияланым және басқаңдай болмасын сәйкес тәсілдерді пайдалана отырып көмектесу.

III бөлім - Ұйымның мүшелері

3-бап

Ұйым мүшелігіне қабылдау барлық мемлекеттер үшін ашық.

4-бап

Олардың Конституциялық процедурасына сәйкес Жарғыға қол қоюжолымен, мемлекеттер Ұйым мүшесі бола алады.

5-бап

Ұйым мүшесіне өзінің ұйымдарға қарасты қаржы міндеттерін немесе осы Жарғымен ескерілген басқа да қандай болмасын міндеттерін орындаған жағдайда, Бас Ассамблея өзінің қаржы немесе басқа да міндеттерін орындағанынша оған Ұйым мүшелігі ретінде берілген құқықтар мен артықшылықтарынан уақытша айырылуы туралы қарар қабылдайалады.

6-бап

Қай болмасын Ұйым мүшесі, Бас хатшының атына он екі ай бұрынжазбаша түрде ескерту беріп, оның барлық Ұйым мүшелеріне өзініçosындағы ескерту алғаны туралы тез арада хабарлаған кезде, Ұйыммүшелігі құрамынан шығып кете алады.

IV бөлім - Органдары

7-бап

Ұйым жұмыстары орындалады:

- а) Бас Ассамблеямен (мұнан былай "Ассамблея" деп аталатын)
- б) Атқарушы Кеңесімен (мұнан былай "Кеңес" деп аталатын)

в) Хатшылықпен

V бөлім - Бас Ассамблея

8-бап

Ассамблея, Ұйымның жоғары органы болып табылады жәнемүшелі-мемлекетті танытатын өкілдерден тұрады.

9-бап

Әр мүшелі-мемлекет бір өкілмен берілген.

10-бап

Ассамблея кезекті сессияларына екі жылдан аспайтын аралықта және қажеттілік жағдайда - арнайы сессияларға жиналады. Арнайы сессиялары Кеңестің немесе көпшілік мүшелі-мемлекеттердің өтініші бойынша шақырылады.

11-бап

Ассамблея әр кезекті сессиясында келесі кезекті сессия өтетінелді таңдайды, сонымен бірге Кеңес келешекте сессияның өту орнынбелгілейді. Арнайы сессияның өту орны Кеңеспен белгіленеді.

12-бап

Ассамблея әр кезекті сессияның басында төрағаны және төрағаныңорынбасарын және де президиумның басқа мүшелерін сайлайды. Осылайсан, өздерінің орын басушыларының сайланғанынша, өкілеттіктерінсақтайды.

13-бап

Ассамблея өзінің меншікті процедура тәртіптерін белгілейді.

14-бап

Нақты Жарғының басқа баптарында келістірілген қызметтеріне қосымша, Ассамблеяның негізгі қосымша міндеттері болып табылады:

- а) 2 Баппен келістірілген, Ұйымның қызметтерін іске асыру үшінкөзделінген қызметтерді белгілеу;
- б) Атқарушы кеңесіне өздерінің өкілдерінің тағайындауға құқықберілетін Ұйымның мүшелі-мемлекеттерін белгілеу;
- в) Бас хатшыны тағайындау;
- г) Кеңес пен бас хатшының баяндамалары мен қызметтерін қараужәне бекіту;
- д) қажет кезінде Кеңеске нұсқау беру және Ұйымның жұмысына қажет болып қалатын комиссияларын құру;
- е) Ұйымның қаржы саясатын бақылау және бюджетті қарау мен бекіту;
- ж) өздерінің меншікті зерттеулерімен, зерттеу институттарын құру жолымен немесе оның Үкіметінің келісімі бойынша қай болмасын мүшелі-мемлекеттердің ресми және ресми емес түріне жатпайтын мекемелерімен ынтымақтастық жолымен, Ұйым персоналдарының күштерімен қорғау және құтқару жөніндегі іс-әрекет саласындағы ғылыми-зерттеу өткізуі көмектесу;
- з) дұрыс деп табылған қандай да болмасын басқа ұйымдарды құру;
- и) Ұйымның мәселелеріне ұқсас кез келген халықаралық немесе ұлттық, үкіметтік немесе Үкіметке жатпайтын ұйымдарды шақыру, Бас Ассамблеямен белгіленген

жағдайлар бойынша өздерінің меншікті мәжілістерін немесе өзімен шақырылған конференцияларға дауыссыз қатысуға өкілдер тағайындау; шақыру, тек қана лайықты үкіметтің **келісімі** **бойынша** **жіберіледі;**

к) Ұйымның әр түрлі органдарымен қабылдануға қажетті процедураны ұйғаратын ережелерді, әсіресе жалпы ережелерді, қаржы туралы жағдай және де Ұйымның персоналы **туралы** **ережені** **белгілеу;**

л) IX Бөлімнің ережесіне сәйкес техникалық комиссияларды құру, олардың қызметтерін белгілеу, олардың қызметтерін үйлестіру және олардың ұсыныстарын қарастау;

м) Ұйымның Хатшылығы орналасқан жерін анықтау;

н) Ұйымның мақсаттарына жетуіне себепкер болатын әр түрлі басқада үйлесімді шараларды қабылдау.

15-бап

Әр мүшелі-мемлекет Ассамблеяда бір дауысқа ие, шешімдер, келісім немесе қарсылық берілген көпшіліктік үштен екі дауыспен қабылданады.

16-бап

Ассамблеяның мәжілістеріндегі кворум үшін мүшелі-мемлекеттерінің көпшілік өкілдерінің қатысуы қажет.

VI бөлім - Атқарушы кенес

17-бап

Атқарушы Кенес Ұйымның атқарушы ұйымы болып табылады.

18-бап

Ассамблея, әділетті географиялық бөлінуін ескере отыра, Атқарушы кенес мүшелерінің санын белглейді және Кенеске өздерінің өкілдерін тағайындауға құқы бар мүшелер сайлайды.

19-бап

Кенес мүшелері төрт жыл мерзіміне сайланады; жарты мүшелері әрекі жылда қайта сайланып отырады.

20-бап

Кеңес өзінің мәжілістерін жылына аз дегенде бір екі рет өткізеді және өзінің әр мәжілісінің өту орнын белгілейді.

21-бап

Атқарушы кеңестің арнайы сессиясы, Ережеде берілген тәртіптергесәйкес, Атқарушы кеңес мүшелерінің көвшілігінен, Бас хатшы осы туралыөтініш алған соң шақырылады.

22-бап

Кеңес өзінің төрағасы мен төрағасының орынбасарын өз мүшелеріарасынан сайлайды.

23-бап

Негізгі Жарғының басқа баптарымен белгіленген қызметтерінеқосымша, Атқарушы кеңесінің негізгі қызметтері болып табылады:

- а) Ассамблеямен қабылданған шешімдерін орындау және осышешімдердің мақсатына сәйкес Ұйымның қызметін бағыттау;
- б) халықаралық ауқымда тұрғындар мен мұлікті қорғау жәnekүтқаруға қатысты байланысты барлық мәселелерді зерттеу;
- в) Ассамблеяның күн тәртібін дайындау және техникалықкомиссиялардың нұсқауларын, олардың күн тәртібін дайындау;
- г) Ассамблеяның әрі сессиясына өзінің қызметі туралы баяндамаберу;
- д) Жарғының Х Бөлімінің ережелеріне сәйкес Ұйымның қаржыларынбасқару;
- е) Ассамблеямен берілген немесе конвенциялар, келісімдер менережелерге байланысты, Ұйым алдында пайда болған мәселелер бойынша Ассамблеяға кеңес беру;
- ж) Ассамблеяға өздерінің бастамалары бойынша кеңестер менұсыныстар беру;
- з) белгілі уақыт мерзіміне жұмыстың жалпы бағдарламасын Ассамблеяның қарауына және мақұлдауына ұсыну;
- и) оның құзырына жататын барлық мәселелерді зерделеу;
- к) жұру ортасының шегі мен Ұйымның қаржысының мүмкіншілігінеіс-әрекетті дереу талап ететін жағдайларда шара қолдану;
- л) апаттар жағдайында құтқару операцияларын өткізу жөніндеқажетті шаралар қолдануға Бас хатшыға өкілеттіктермен үлес беру;
- м) Кеңестің, Ұйымның қай болмасын мүшесінің немесе Бас хатшының тез ара шешу керек екендігіне көңілі ауған жұмыстарды зерделеу жәnezertteu;
- н) Ассамблеямен оған жүктелуі мүмкін болатын қай болмасын басқа да қызметтерін іске асыру.

24-бап

Әр кеңес мүшесі бір дауысқа ие. Шешім берілген дауыстардың жәйкөпшілігімен қабылданады.

25-бап

Кеңестің мәжілістеріндегі кворум үштен екі мүшелерін құрайды.

VII бөлім - Хатшылық

26-бап

Ұйымның тұрақты хатшылығы Бас хатшымен және Ұйымның жұмысы үшінкерек болып қалатын техникалық және әкімшілік персоналдардан тұрады.

27-бап

Бас хатшы Ассамблеямен белгіленген жағдайлармен Кеңестің ұсынуы бойынша тағайындалады. Бас хатшы Ұйымның бас техникалық және әкімшілік лауазымды адамы болып табылады.

28-бап

Бас хатшы лауазымы бойынша (ex owwicio) Ассамблея мен Кеңестің хатшысы болып табылады және Ұйымның барлық комиссияларына лауазымы бойынша (ex owwicio) қатысады. Ол осы қызметтердің орындалуын басқаадамдарға тапсыра алады.

29-бап

Бас хатшы жыл сайын Кеңеске Ұйымның қаржылар есебін жәнебюджеттер сметаларын құрады және ұсынады.

30-бап

Бас хатшы Ассамблеямен белгіленген персоналдар туралы ережелерге сәйкес Хатшылықтың персоналын тағайындауды. Персоналды жұмысқа алған кезде бас пікір Хатшылықтың жұмысқа қабілеттік, жауапкершілік және халықаралық - өкілеттік өзгешілігін ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажетті екендігі болу керек. Персоналды іріктеу мүмкіндігінше кең географиялық негізде маңызды екендігі тиісті көңіл аударылады.

31-бап

Ұйым персоналының жұмыс жағдайының мүмкіндігінше, басқа халықаралық ұйымдардың жағдайларына ұқсас болуға тиіс.

32-бап

Оз міндеттерін атқару кезінде Бас хатшы және персонал, Ұйым үшін бөтен қандай болмасын Үкіметten немесе биліктен ұсыныстар немесе нұсқаулар алуларына болады. Олар өздерінің халықаралық лауазымды адамдар жағдайына әсер ететін кез келген іс-әрекеттерден қалыс қалу керек. Ұйымның әр мүшесі өз жағынан бас хатшы мен персоналдың міндеттерінің тек қана халықаралық өзгешілігін ойлауға міндеттеме береді және олардың Ұйымға қатысты міндеттерін орындау кезінде оларға ықпал жасауда тұрыспайды.

VIII бөлім - Конференциялар

33-бап

Ұйым 2 бапта тізбеленген өзіне жүктелген міндеттерін іске асырады, жалпы және жергілікті конференциялар, симпозиумдар және басқа техникалық кеңестер ұйымдастырады. Ұйым мүшелігіне жатпайтын мемлекет өкілеттері осы кеңестерге басқа да халықаралық және үкіметке жатпайтын ұйымдар өкілдері сияқты, тындаушы ретінде қатыса алады. Осында өкілеттердің өзгелігі Ассамблея немесе Кеңеспен белгіленеді.

34-бап

Кеңестің пікір бойынша, Ұйым мұдделік танытқан конференцияларда Кеңес және Бас хатшы Ұйымның өкілеттілігін алдын ала қарайластырады.

IX бөлім - Комиссиялар

35-бап

Кеңес Ассамблеяның нұсқауымен мынадай комиссияларды және деөзінің инициативасымен (бастамасымен) немесе Бас хатшының ұсынысы бойынша, құзырына жататын кез келген мақсаттарды іске асыру үшін мақсатты болып табылатын кез келген басқа комиссияларын тағайындейды.

36-бап

Кеңес уақыттан уақытқа дейін және кез келген жағдайда жыл сайынәр техникалық комиссияның кейінгі тіршілік ету қажеттілігі туралымәселелерді қайта қарайды.

37-бап

Ұйым мүшелері осындай техникалық комиссияларында өкілеттікке құқықты.

38-бап

Әр техникалық комиссия өзінің төрағасын сайлайды. Ол Ассамблеямен Кеңестің мәжілістерінде дауыс құқықсыз қатыса алады.

39-бап

Кеңес басқа ұйымдармен қатар осындай басқа ұйымдармен құрылған Ұйымның құрылуы немесе қатысу туралы шешімдер қабылдай алады.

X бөлім - Қаржылар

40-бап

Бас хатшы Ұйымның жыл сайынғы бюджеттер сметаларын құрайды және Кеңеске ұсынады, Кеңес Ассамблеяға, осы бюджеттік сметаларды, Кеңесорынды деп есептейтін қандай болмасын кепілдемелермен бірге қарайды және ұсынады.

41-бап

Ассамблея Атқарушы кеңеспен ұсынылған бюджеттер сметаларын тұғырында Ұйымның барынша толық шығындар қосынды санын белгілейді.

42-бап

Ұйымның шығындары Ассамблеямен белгіленген уәкілге сәйкес Ұйыммүшелері арасында бөлінеді.

43-бап

Ассамблея атқарушы кеңеске Ұйымның жыл сайынғы шығындарын бекіту үшін қажет, Ассамблеямен белгіленген көлем бойынша өкілеттік жібереді.

44-бап

Ассамблея немесе Ассамблея атынан құші бар Кеңес, Ассамблеянемесе Кеңес үшін қолайлы болып және Ұйымның мақсаттары мен саясатына сәйкес келсе, сыйлар мен қайырмандықтарды қабылдай алады.

XI бөлім - Мүшелі - мемлекеттермен ұсынылып отырған баяндамалар

45-бап

Әр мүшелі-мемлекет Ұйымға зандарды, ережелерді, ресми түрдегі баяндамаларды және тұрғындар мен мұлікті қоргау және құтқаруға жататын статистикалық мәліметтерді жібереді.

XII бөлім - Құқықтық статус

46-бап

Штаб-пәтері орналасқан ел аумағында, Ұйым өзінің мақсаттарынажету мен қызметтерін орындауға қажет болып қалатын құқықтыққабілеттері мен әдістерін пайдаланады.

47-бап

Штаб-пәтері орналасқан ел аумағында, Ұйым өзінің мақсаттарынажету мен қызметтерін орындау үшін қажет болып қалатын артықшылықтармен пайдаланады.

48-бап

Ұйымның лауазымды және ресми адамдары штаб-пәтері орналасқан ел аумағында, олардың Ұйымның қызметіне байланысты өздерінің қызметтерін еркін орындауға қажетті женілдікпен пайдаланады.

XIII бөлім - Тұзетулер

49-бап

Бас хатшы мүшелі-мемлекеттерге осы Жарғыға ұсынылып отырған тұзетулер мәтіннің Ассамблеямен оларды қарауына дейін алты ай бұрын хабарлайды. Тұзетулер барлық мүшелі-мемлекеттердің бұл жөнінде олардың Ассамблеяның көпшілік үштен екі даусының бекітуімен және конституциялық процедурасына сәйкес оларды үштен екі мүшелі-мемлекетқабылдағанда қүшіне енеді.

XIV бөлім - Басқа ұйымдармен өзара қарым-қатынас

50-бап

Ұйым өзіне лайық болып қалатын үкіметаралық және үкіметке жетпайтын ұйымдармен нәтижелі және тығыз ынтымақтастық орнатады.

XV бөлім - Құшіне енү

51-бап

Осы Жарғының III бөлімінің ережесін сақтаумен, оның барлық мемлекеттермен қол қою немесе қабылдау үшін ашық болып қалады.

52-бап

Осы Жарғы оған 10 мемлекет қосылғанданда күшіне енеді.

53-бап

Жарғыны ратификацияланған немесе күшіне енгеннен соң барып қосылған мемлекет үшін олардың өздерінің ратификациялау немесе қосылу туралы құжаттарын сактауға өткізгеннен бастап отызыншы күні Жарғы күшіне енеді.

Үйлесімді ұқіметтердің өкілдері болып отырған жағдайда күелігі ретінде осы
Ж а рғыға қ о л қ о й ды .

Бір мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылы қазанның он жетінші күні Монакода қытай, ағылшын, француз, орыс және испан тілдерінде бір данада құрылған, әр мәтіні түпнұсқасымен бірдей, осы Жарғыға қол қойып қосылып отырған, барлық мемлекеттерге мөр басып қуәландырылған көшірмелерін жіберіп отырған түпнұсқа мәтіні өткізілді.